

Жоспар:

- 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл - ойының дамуы.**
- 2. Ойлаудың дамуы.**
- 3. Ойлаудың негізгі нысандары.**

“Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты
дамуы да жоқ және болуы да мүмкін
емес”

В.А.Сухомолинский

Ақыл-ой дамуы және ойлау білігі негізгі ойлау операцияларын меңгеруді қажет етеді. Негізгі ойлау операцияларына ғылымда белгілі анализ, синтез, салыстыру, классификация (топқа жіктеу) жатады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға математиканы үйретудегі қолданылатын ойындар мен жаттығулар **балалардың ақыл-ойының екі бағытта:** логикалық білімді қалыптастыру және ақыл-ойды жетілдіруге арналған тапсырмалар бойынша жүзеге асады.

Бала ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игеруімен есте сақтау, елестету танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Баланың дамуы үшін есте сақтау мен ойлау қабілеттерінің мәні өте зор. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ойлау қабілеттерін дамыту үшін төмендегідей ойын түрлерін қолдануға болады.

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл-ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Білімді меңгеру және оны бекіту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда балаға қайталау және жаттығу қажет. Егер баланың ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді, сондай-ақ білім қызғылықты әрекетпен байланысты болса, баланың іс-әрекетімен іштей қабысып жатса, ондай білімді бала дұрыс меңгереді.